

"Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей" КММ

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ № 2

Мерзімі: 08.02.2023 жыл.

Катысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар.

KҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жан басына шаққандагы қаражаттың есебі

(мектеп -лицей директоры A. Уразалина)

2. "Жылы жүрек-жомарт қол" қайырымдылық іс-шарасы

(педагог -ұйымдастыруши A.Исаева)

3. Элеуметтік педагогтің сараптамасы бойынша анықталған әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету шарасы

(әлеуметтік педагог Шәкрем Д.)

Тыңдалды:

Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп- лицей директоры A. Уразалина: Білім беру ұйымдарының жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын КР БФМ 27.11.2017 жылғы №596 бұйрығымен бекітілді.

Қағидаға сәйкес білім беру ұйымын қаржыландыру жергілікті атқарушы органның белгілеген тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

2022 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп- лицейі жан басына шаққандагы қаржыландыру қағидасына сәйкес қаржыландырылды.

Мақсаты : педагогикалық әлеуеттің рөлін күштейтудің есебінен білім сапасын арттыру және мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Жан басына шаққандагы қаржыландыру аясында ақша неге жұмсалады? Осы сұрақ төнірегінде шығын түрлеріне тоқталамын.

-еңбекақы төлеу

-білім беру процесіне байланысты шығындар (баспа және экрандық-дыбыстық оқу -құралдарын, оқытудың техникалық құралдарын, демонстрациялық оқу құралдарын, мектеп жиһазын, спорттық жабдықтар, бақылау өлшеу құралдары, музикалық аспатар, көркемдік материалдар, окушылар планшеттері алынды)

Педагог-ұйымдастыруши A. Исаева: «Қайырымдылық жасасан, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халқымыз. Адам өміріндегі ең иті істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Осыған орай, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейімізде “Мектеп парламенті” өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен, ата-аналардың қатысуымен 2022 жылдың 24-25 қараша қүндері 1-11 кластар арасында “Жылы жүрек-жомарт қол” атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

30- қараша күні “Мектеп парламенті” өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері №1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болды. Орталық қызметкерлерінің сұрауымен жөргектер және ойыншықтар табысталды.

1 желтоқсан күні “Мектеп парламенті” өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері «Үміт» сабилер үйінде болды. Орталық қызметкерлерінің сұрауымен балаларға пижамалар мен қысқы етік табысталды.

2 желтоқсан күні оқушылар «Аяла» омірлік қызын жағдайдағы балаларды қолдау орталығына барды. Орталық қызметкерлерінің сұрауымен қызы балаларга ариалған пижамалар мен ер балаларға ариалған триколор табысталды.

2 желтоқсан күні қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражаттан мектебіміздің 5 класс оқушысы Үсқак Айжанның еміне 20 000 (жиырма мың) теңге анасының шотына қаражат аударылды.

"Жылы жүрек- жомарт қол" қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражаттан мектебіміздегі ата-ананың қамқорлығының қалған оқушылардың шотына көмекке қаржы аударылды.

3 желтоқсан күні «Жас Ұлан» ұйымының мектеп кеңесінің оқушылары «Ана үйіне» барды. Орталық қызметкерлерінің сұрауымен «Nutrilak» құргақ сүт қоспасы және жаялықтар табысталды.

Әлеуметтік- педагог Д. Шәкрем: Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шықкан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (занды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (занды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бүйрек шығарылып , және тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітілді.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап ААҚҚ және жетім,аз қамтылған, күн көріс деңгейі төмен отбасынан шықкан балалар мектепте 1-11 кластар бойынша 85 бала, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бүйрекшігіна «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты бойынша 85баланың өтініші қабылданып тегін тамақпен қамтамасыз етілді.Оның ішінде 30 АӘК оқушы, 3 ААҚҚ оқушы, 52 күн көріс деңгейі төмен оқушы.

Барлығы	АӘК	Жетім	Күн көріс деңгейі төмен
85	30	3	52

Мектеп асханасы 8.00-18.00-ге дейін жұмыс жасайды, асхана 150 орындық. Қалалық білім бөлімінің 5 күндік ас мәзірі санитарлық талапқа сай жасалып бекітілген. Осы мәзірді басшылыққа ала отырып құнделікті ас мәзірі жасалынып бекітіліп отырады. Асхана ыссы су, салқын сумен қамтамасыз етілген. Оқушылардың арнайы қол жуатын бөлмесі жабдықталған . Оқушылар 2 сабактан кейін үзілісте тамақ іshedі. Ас мәзірінде ет тағамдары, көкөніс, жеміс-жидек, сүт тағамдары енгізілген.

- **1-4 кластар арасында 38 оқушы ыстық тамақпен тегін тамақтанады.**
- **5-11 кластар арасында 47 оқушы ыстық тамақпен тегін тамақтанады.**

Құнделікті тамақтың сапасы мен берілу мөлшері (норма) мектептік құрылған бақылау топтары мен мектеп медбикесі тарапынан бақылауға алынған. Сонымен қатар, тамақтың сапасын анықтап отыру мақсатында бракераждық комиссия құрамы құрылған. Комиссия құрамындағылар айна екі рет асхана тамағының сапасын тексереді. Айна бір рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына тазалық жасалынып, дезинфекцияланып отыру көзделіп, іске асуда. Мектеп асханасында ұсынылатын тағамдар сапасы нормативке сай, ыстық тағамдар түрі құнделікті өзгеріп отырылады. Істық тамақтың бағасы 507 теңгені құрайды. Сонымен бірге балалардың


денсаулығына зиян келетін тағамдар майонез косылған пицца тағамдарын сату қатаң турде тиым салынды. Тамақтардың сапалы әрі дәмді дайындалуы күн сайын бақыланып тұрады. Шағым және ұсыныс кітаптары толтырылып отыралады. Мектеп окушыларын сумен қамтамасыз ету қарастырылған. Окушыларға мектеп асханасынан қайнатылған сумен тұтынылады. Дұрыс тамақтанып, айтылған ережелерді орындаған адамдардың ғана денсаулығы берік бола алады. Сондықтан да дұрыс тамақтану –әр адамның өз қолында демекпіз.

Сөйлеушілер: "Қамқоршылық кеңес" мүшесі Ж. Табылғанов: бірінші мәселе бойынша барлығымыз тыңдап еттік. Былтырғы оқу жылында да мектеп басшысының есебін тындаған болатынмын. Барлық қаражат туралы толық мәлімет беріліп отыр. Оның барлығы мектептегі окушылар үшін жайлы орта қалыптастыруда жұмсалынып жатырганына көзіміз жетті.

"Қамқоршылық кеңес" мүшесі Ахажанова С: Мен бракераждық комиссия құрамындамын. Ыстық тамақпен қамтылатын окушылардың күнделікті ас мәзірі мен оның талапқа сай окушыға берілуін үнемі қадағалап отырымыз. Мектеп медбикесі мен әлеуметтік педагогпен үнемі тығыз байланыстамыз. Сонымен қатар кез-келген тұтынушы жазуға болатын ұсыныс дәптері де бар.

Шешім:

1. Жан басына шаққандағы қаражат есебі "қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. Қайырымдылық шаралары қажеттілікті ескере отырып, жүргізілсін.
3. Тегін ыстық тамаққа алынған окушылардың тамақ сапасы үнемі бақылауға алынсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  Ә.Әбілдаева